

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған «БЖЗЖ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 1 173,59 млрд. теңгені¹ құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 15,34% құрады.

ЖМЗЖ ЗА қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдары бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

млрд.теңге					
Атауы	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.07.2026 жылға ағымдағы құны	01.07.2026 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	679,75	89,96%	1 034,73	88,17%	52,22%
ҚРҰБ депозиттері	54,83	7,26%	102,59	8,74%	87,13%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	0,10	0,01%	0,10	0,01%	0,36%
РЕПО операциялары	20,91	2,77%	36,17	3,08%	73,00%
ҚРҰБ басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	755,58	100,00%	1 173,59	100,00%	55,32%
Зейнетақы жарналары шотындағы ақша	4,83		1,84		
ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	760,41		1 175,42		

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіне ұлттық валютаға номиналданған қаржы құралдары ғана кіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

ЖМЗЖ ЗА портфельінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есепті күндегі ағымдағы құны 1 034,73 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 88,17% құрады.

Есепті кезеңде жылдық 16,29% кірістілікпен номиналды құны бойынша сомасы 74,95 млрд. теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылмады және өтелмеді.

Есепті күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 15,15% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есепті күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 102,59 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 8,74%.

Есепті айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында ЖМЗЖ ЗА бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 16,51% орташа алынған кірістілікпен 39,80 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

2026 жыл басынан бергі ЖМЗЖ ЗА бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 71,13 млрд. теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік 7,63% құрады.

¹ зейнетақы жарналары шоттарындағы ақша есебінсіз

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері соңғы 12 айда 122,77 млрд. теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік 16,84% құрады.

2-кесте. 01.07.2026 жылғы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы

млрд.теңге

Атауы	2026 жыл басынан бергі инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	69,44
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	1,69
Жиыны:	71,13

Шартты бірлік құны туралы ақпарат

2026 жылғы маусым үшін ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА шартты бірлігі құнының динамикасы 3-кестеде берілді.

3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА бір шартты бірлігінің құны

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
1	01.06.2026	1 523,8195149
2	02.06.2026	1 523,8195149
3	03.06.2026	1 523,8195149
4	04.06.2026	1 523,8195149
5	05.06.2026	1 523,8195149
6	06.06.2026	1 523,8195149
7	07.06.2026	1 523,8195149
8	08.06.2026	1 516,2471488
9	09.06.2026	1 516,2471488
10	10.06.2026	1 516,2471488
11	11.06.2026	1 516,2471488
12	12.06.2026	1 516,2471488
13	13.06.2026	1 516,2471488
14	14.06.2026	1 516,2471488
15	15.06.2026	1 518,5470459
16	16.06.2026	1 518,5470459
17	17.06.2026	1 518,5470459
18	18.06.2026	1 518,5470459
19	19.06.2026	1 518,5470459
20	20.06.2026	1 518,5470459
21	21.06.2026	1 518,5470459
22	22.06.2026	1 526,4037022
23	23.06.2026	1 526,4037022
24	24.06.2026	1 526,4037022
25	25.06.2026	1 526,4037022
26	26.06.2026	1 526,4037022
27	27.06.2026	1 526,4037022
28	28.06.2026	1 526,4037022
29	29.06.2026	1 541,2047901
30	30.06.2026	1 541,7771963

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЖМЗЖ ЗА жалпы	Лимиттер (ЖМЗЖ ЗА жалпы	Орындалуы (иә/жоқ)
---	----------------------	----------------------------	---------------------------	-------------------------	--------------------

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

			көлемінен пайыздармен)	көлемінен пайыздармен)	
	Инвестициялық шоттағы ақша	0,10	0,01%		
	РЕПО операциялары	36,17	3,08%		
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	1 137,32	96,91%	шектеусіз	иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	1 034,73	88,17%	шектеусіз	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	102,59	8,74%	10%-дан аспайды	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	0,00	0,00%	40%-дан аспайды	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	0,00	0,00%	15%-дан аспайды	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0,00	0,00%	15%-дан аспайды	иә
2.2	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,00	0,00%	5%-дан аспайды	иә

**ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және
өтеу бойынша ақпарат**

5-кесте. Есепті айда бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	74 949 998 000,00
Жиыны			74 949 998 000,00